



ҚАУЛЫ

2021 жылғы 16 ақпан

Сарқан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 44

город Сарқан

**Бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі
нысандардың тізбесін бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына, «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына және Алматы облысының әкімдігінің 2021 жылғы 16 ақпандағы №62 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021-2025 жылдары бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж. Мынбаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі



Т. Қайнарбеков

Аудан әкімдігінің
2021 ж. « 16 » ақпаны № 44
қаулының қосымшасы

**2021-2025 жылдары бәсекелестік ортаға беруге жататын
коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесі.**

р /с	Объектінің атауы	Орналасқан орны	Жекешелендіру мерзімі
1	«Сарқан газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 117-үй	2025 жыл
2	Сарқан ауданы әкімдігінің «Сарқан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарқанжылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Қажымұқан Мұнайтпасов көшесі, 1 А-үй	2025 жыл